


БАЛАЛАРДЫҢ БАҚЫТЫ ҮШІН



Мен еліміздің көп қалаларында болдым. Қай жерге келсең де қызған еңбекті көресің. Жұмысшы, шаруалар бейбітшіліктің стахановтық вахтасына тұрған. Бүкіл совет халқы Стокгольм үндеуіне бір кісідей ұйымдасқан түрде қол қоюда. Мұның бәрі сенің болашағың үшін, сенің бақытың, шат өмірің үшін жүргізіліп жатқан шаралар.

Америка-ағылшын империалистері адам баласының өміріне қауіп туғызуда. Олар дүние жүзінде соғыс өртін қайта жағуға тырысады. Халықтарды бейбіт еңбегінен айырып, қырғынға ұшыратуды көздейді. Америка империалистері қазірдің өзінде бостандық сүйгіш корей халқын соғыс өртінің зардабына душар етті. Ешбір жазықсыз корей семьяларын, қалаларды айуандықпен бомба астына алуда. Империалистер қолынан келсе, барлық халықты өзіне бағындырып, құл еткісі келеді.

Бірақ жер шарындағы адал ниетті адамдардың бәрі бір кісідей империалистерге:

– Жоқ! – деп жауап беруде. Олар бірауыздан: біз соғысқа қарсымыз, соғысты тілемейміз, – дейді.

– Біз бейбіт тұрмысты, еңбекті сүйеміз, өзіміздің балаларымыздың бақытты өмірін қорғаймыз, – деп үн қосады.

Совет халқы да Стокгольм үндеуіне бір кісідей қол қойып, соғысты тілемейтінін білдірді.

Сенің Отаның – бейбітшіліктің тірегі. Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік үшін күресу Совет Одағы еңбекшілерінің қазіргі өте жауапты міндеті. Сендер қандай бақыттысыңдар!

Жақында ғана оқу жылын отлично бітірген бір топ оқушы пионерлер Алматыдан Мәскеуге, Сталинградқа, Горький қаласына саяхатқа барып қайтты. Бір топ пионер сонау Қара теңіз жағасындағы тамаша лагерь «Артекте» демалды. Жыл сайын осылай. Біздің елімізде балалар үшін мектеп, әдемі театр үйлері, пионер сарайлары, басқа да тамаша орындар салынған.

Мен жақында Грузияда болып қайттым. Онда маған бірнеше рет грузин пионерлерімен кездесуге тура келді. Олармен мен сауық кешінде, пионер лагерінде, сәулетті мектептің кең бөлмесінде кездестім. Олар оқудағы, үйірме

жұмыстарындағы табыстарын айтты. Болашақта инженер, агроном, әртіс болатындықтарын мақтан етті. Қазақстан пионерлеріне сәлем айтты. Әрине, грузин пионерлері қандай бақытты, шат болса, Қазақстан пионерлері де сондай бақытты, шат өмірде тұрады. Өйткені, бұл туысқан екі республиканың екеуі де Совет Одағында. Біздің ел – Бақыт елі.

Міне, сенің болашақта да бақытты болуың үшін совет халқы бір кісідей болып Стокгольм үндеуіне қол қойды.

Бұл – бейбітшілікті аңсайтын халықтың тегеурінді үні. Оны ешбір күш жеңе алмайды. Жаңа соғыс өрті тұтанбақшы емес!

Бейбітшілік лагерін Совет Одағы бастап отыр. Бізді данышпан көсеміміз Сталин жолдас бастап келеді.

«Қазақстан пионері», 1950, 10 тамыз, №33